



«ХАТУ» АҚ Басқармасының
2021 жылғы 4 тамыздағы
шешімімен БЕКІТІЛГЕН (N 33 хаттама)

Басқарма Төрағасы - Ректор
Хикметов А.К.

УТВЕРЖДЕНО

Решением Правления АО «МУИТ»
От 04.08.2021 года
(Протокол № 33)

Председатель Правления, Ректор
Хикметов А.К.

APPROVED

by the Decision of the Board of IITU JSC
dated 04.08.2021 (Minutes No. 33)

Chairman of the Board -Rector
Khikmetov A.K.

**Білім беру қызметін көрсету бойынша
№ 1-2021 қосылу ШАРТЫ**

**Договор присоединения № 1-2021
на оказание образовательных услуг**

**Contract of Accession No. 1-2021
for the provision of educational services**

1. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1 Осы Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар төмендегідей:

Университет – «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен 2009 жылы «29» мамырда білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген №0064060 мемлекеттік лицензиясына ие.

Білім алушы – Университеттің Офертасын қабылдаған және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес келетін бағыт бойынша Университеттің білім беру бағдарламасын менгерген жеке тұлға.

Заңды өкіл - ата-аналар, баланы асырап алушылар,

1. ОСНОВНЫЕ ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

1.1 Используемые в настоящем Договоре термины и определения означают следующее:

Университет – Акционерное общество «Международный университет информационных технологий», обладающее Государственной лицензией №0064060, выданной Министерством образования и науки Республики Казахстан «29» мая 2009 г. на право ведения образовательной деятельности.

Обучающийся – физическое лицо, принявшее Оферту Университета и осваивающее образовательную программу Университета по направлению, соответствующему государственному общеобязательному стандарту образования Республики Казахстан.

Законный представитель - родители, усыновители

1. BASIC TERMS AND DEFINITIONS

1.1. The terms and definitions used in this Contract shall have the following meanings:

University – “International Information Technology University” Joint Stock Company, which has State License No. 0064060, issued by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan on May 29, 2009 for the right to conduct educational activities.

Student - an individual who has accepted the University Offer and is mastering the University’s academic program in the direction corresponding to the National Mandatory Standards of Higher and Post-Graduate Education of the Republic of Kazakhstan.

Legal representative - parents, adoptive parents, guardian,

корғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиеші, асырап алушы ата-аналар, 18 жасқа толмаған Талапкердің (Білім алушының) құқықтары мен мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғауды, қамқорлық жасауды, білім беруді, тәрбиелеуді жүзеге асыратын, оларды алмастыратын басқа да адамдар.

Тапсырыс беруші – Білім алушы үшін білім беру қызметтерін төлеуге ниеті бар заңды тұлға.

Шарт – осы білім беру қызметін көрсетуге қосылу Шарты оның барлық қосымшаларымен бірге (Университеттің Веб-сайтында жарияланған университеттің үлгі шарты болып табылады, оны жасасу Білім алушыны, сондай-ақ Заңды өкіл мен Тапсырыс берушіні (Шарт талаптарына сәйкес осындайларды қосқанда) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес шарт талаптарына толығымен біріктіру жолымен жүзеге асырылады.

Оферта – осы Шарттың (қоса №1 және №4 қосымшалардың) мәтіні университеттің Веб-сайтында жарияланған және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес барлық Талапкерлерге Университет Офертасы болып табылады.

Талапкер – Университетте оқуға ниет білдірген, Университетке түсу және жоғары білім алу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Университеттің барлық талаптарына сәйкес келетін жеке тұлға.

Акцепт – осы Оферта жолданған Талапкердің, сондай-ақ Заңды өкілдің мен Тапсырыс берушінің (Шарт талаптарына сәйкес осындайларды қосқанда) осы Шарттың 8.2. тармағында көрсетілген әрекеттерді жасау арқылы Университеттің білім беру қызметін ұсыну талаптарын толық және сөзсіз қабылдау және келісу туралы жауабы. Осы Офертаның Акцепті бойынша іс-әрекеттер жасай отырып, Талапкер, сондай-ақ Заңды өкіл және Тапсырыс беруші (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) өзінің құқықтық қабілеттілігін және әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ Университетпен шарттық қатынастарға түсуге өзінің заңды құқығын растайды.

Шарт талаптарын қабылдау (Оферта акцепті) – Талапкердің, сондай-ақ Заңды өкілдің және Тапсырыс берушінің (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайларды қосу кезінде) Университет Офертасын қабылдау жөніндегі іс-әрекеттері, осы Шарттың 8.2. тармағына сәйкес осы Шарттың талаптарын қабылдауы.

Білім беру қызметтерінің құны – осы Шарттың ажырамас

«бакалавриат» бағдарламасы бойынша/ по программе «бакалавриат»/ for the “bachelor degree” program
(удочерители), опекун, попечитель, патронатный воспитатель, приемные родители, другие заменяющие их лица, осуществляющие в соответствии с законодательством Республики Казахстан заботу, образование, воспитание, защиту прав и интересов Абитуриента (Обучающегося), не достигшего 18 лет.

Заказчик – юридическое лицо, имеющее намерение оплатить образовательные услуги для Обучающегося.

Договор – настоящий Договор присоединения на оказание образовательных услуг со всеми его приложениями (является типовым договором Университета, опубликованный на Веб-сайте Университета, заключение которого осуществляется путем присоединения Обучающегося, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями Договора), в целом к условиям Договора в соответствии со статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан.

Оферта – текст настоящего Договора (в том числе приложений №1 и №4), опубликованный на Веб-сайте Университета, и является Офертой Университета всем Абитуриентам в соответствии со статьей 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан.

Абитуриент – физическое лицо, изъявившее желание учиться в Университете и соответствующее всем требованиям Министерства образования и науки Республики Казахстан и Университета для поступления в Университет и получения высшего образования.

Акцепт – ответ Абитуриента, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями Договора), которым адресована настоящая Оферта, о полном и безоговорочном ее принятии и согласии с условиями предоставления Обучающемуся образовательных услуг Университета путем совершения действий, указанных в пункте 8.2. настоящего Договора. Совершая действия по Акцепту настоящей Оферты, Абитуриент, а также Законный представитель и Заказчик (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) подтверждают свою правоспособность и дееспособность, а также свое законное право вступать в договорные отношения в Университетом.

Принятие условий Договора (акцепт Оферты) – действия Абитуриента, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) по принятию Оферты Университета - условий настоящего Договора в соответствии с пунктом 8.2. настоящего Договора.

Стоимость образовательных услуг – размер оплаты за

foster carer, foster parents and other substitute persons who, in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan, carry out care, education, upbringing and protection of the rights and interests of the Applicant (Student) who has not reached the age of 18.

Customer - a legal entity having the intention to pay for educational services for the Student.

Contract - this legally Contract of accession for the provision of educational services with all its annexes (it is a standard university contract published on the University website, the conclusion of which is carried out by accession of the Student, as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract), in general, to the Contract terms in accordance with Article 389 of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan.

Offer - the text of this Contract (including annexes No. 1 and No. 4), published on the University Website is the University Offer to all Applicants in accordance with article 395 of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan.

Applicant - an individual who has expressed a desire to study at the University and meets all the requirements of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and the University for admission to the university and receiving higher education.

Acceptance - the response of the Applicant, as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract), to which this Offer is addressed, regarding its full and unconditional acceptance and agreement to the conditions for the provision of educational services (by the University) by performing the actions specified in paragraph 8.2. of this Contract. Carrying out actions on the Acceptance of this Offer, the Applicant, as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract) confirm their legal capacity, as well as their legal right to enter into contractual relations with the University.

Acceptance of Contract terms (acceptance of the Offer) - the actions of the Student, as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract) upon acceptance of the University Offer - the terms of this Contract in accordance with paragraph 8.2. of this Contract.

The cost of educational services - the amount of payment for

бөлігі болып табылатын оқу ақысын Төлеу туралы ережеде (осы Шартқа № 1 Қосымша) көрсетілген және Университеттің Веб-сайтында жарияланған Университет көрсететін білім беру қызметтері үшін төлем мөлшері (бұдан әрі – Төлем туралы ереже).

Веб-сайт - Интернет желісінде орналасқан еркін визуалды танысу үшін колжетімді, мына мекен-жай бойынша Университетке тиесілі ресурс: <https://www.iitu.kz/>. Осы арқылы Университет көрсететін (ұсынатын) білім беру қызметтері туралы ақпаратты көрсету қамтамасыз етіледі.

1.2. Шарттың осы бөлімінде көрсетілген терминдер осы Шартқа қатысты басқаша түсіндіріле алмайды.

1.3. Осы бөлімде баяндалған терминдер мен анықтамалар осы Шарттың мәтіні бойынша жекеше түрде де, көпше түрде де пайдаланылуы мүмкін.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Шартқа сәйкес Университет Білім алушы үшін оқу процесін ұйымдастыру және Білім алушыға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес келетін бағыт бойынша білім беру бағдарламасына және Университеттің оқу жоспарларына сәйкес білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін ұсыну бойынша міндеттемелерді өзіне алады, біліктілігіне сәйкес және қорытынды аттестаттаудан өту туралы білім құжаты беріліп, көрсетілген қызметтерге толық ақы төленеді.

2.2. Білім алушы, сондай-ақ Заңды өкіл және Тапсырыс беруші (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) Университет көрсететін (оның ішінде көрсеткен) білім беру қызметтерін төлеуге міндеттеледі.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Университет міндеттенеді:

3.1.1. конкурстың қорытындысы бойынша (немесе басқа білім беру ұйымдарынан ауысу арқылы, академиялық берешекті өтеген жағдайда) өзі немесе Тапсырыс беруші Төлем туралы ережеде белгіленген мөлшерде және тәртіппен төлеу шартымен Университеттің Білім алушыларының қатарына Білім алушыны қабылдау;

«бакалавриат» бағдарламасы бойынша/ по программе «бакалавриат»/ for the “bachelor degree” program

оказываемые Университетом образовательные услуги, указанный в Положении об оплате за обучение, являющийся неотъемлемой частью настоящего Договора (Приложение № 1 к настоящему Договору), и опубликованный на Веб-сайте Университета (далее – Положение об оплате).

Веб-сайт - открытый для свободного визуального ознакомления, публично доступный, принадлежащий Университету ресурс, размещенный в сети Интернет по адресу: <https://www.iitu.kz/>, посредством которого обеспечивается отображение информации об образовательных услугах, оказываемых (предоставляемых) Университетом.

1.2. Термины, указанные в настоящем разделе Договора, не могут толковаться иначе применительно к настоящему Договору.

1.3. Изложенные в настоящем разделе термины и определения могут использоваться по тексту настоящего Договора как в единственном, так и во множественном числе.

2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Согласно настоящему Договору Университет принимает на себя обязательства по организации учебного процесса для Обучающегося и предоставлению Обучающемуся возможности получения образовательных услуг в соответствии с образовательной программой и учебными планами Университета по направлению, соответствующему государственному общеобязательному стандарту образования Республики Казахстан с присвоением ему (ей) соответствующей квалификации и выдачей документа об образовании по прохождению итоговой аттестации и полной оплаты оказанных услуг.

2.1. Обучающийся, а также Законный представитель и Заказчик (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) обязуется оплатить оказываемые (в том числе оказанных) Университетом образовательные услуги.

3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

3.1. Университет обязуется:

3.1.1. принять Обучающегося по итогам конкурса (или переводом из других организаций образования при условии погашения академической задолженности) в число Обучающихся Университета при условии внесения им или Заказчиком оплаты в размере и порядке, установленном в Положении об оплате;

3.1.2. определить объем учебной нагрузки и режим занятий

educational services provided by the University, specified in the Regulation on tuition fees, which is an integral part of this Contract (Annex No. 1 to this Contract), and published on the University website (hereinafter - the Regulation on Payment).

Website - a University-owned resource open for free visual familiarization and publicly available at: <https://www.iitu.kz/>, through which information on educational services provided by the University is displayed.

1.2 The terms specified in this Contract section may not be interpreted otherwise in relation to this Contract.

1.3 The terms and definitions set forth in this section may be used in the text of this Contract, both in the singular and in the plural.

2. THE SUBJECT OF THE CONTRACT

1.1. According to this Contract, the University assumes obligations to organize the educational process for the Student and to provide him/her with the opportunity to receive educational services in accordance with the academic program and curricula of the University in the direction corresponding to the National Mandatory Standards of Higher and Post-Graduate Education of the Republic of Kazakhstan with the appropriate qualification and issue to him (her) a document on education for passing the final certification and full payment for the services rendered.

2.1. The Student, the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract) are obliged to pay for the educational services provided by the University.

3. RIGHTS AND OBLIGATIONS OF THE PARTIES

3.1. The University is committed to:

3.1.1. admit the Student on the results of competition (or after a transfer from other educational institutions on the condition of the liquidation of academic debts) to the number of the University Students, in case of payment by him/her or the Customer in the amount and manner established in the Regulation on Payment;

3.1.2. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемін және сабақ тәртібін қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен анықтау, Білім алушыға оқытудың салауатты, қауіпсіз жағдайларын жасау;

3.1.3. Университет кітапханаларының ақпараттық ресурстарына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдарға қолжетімділікті және еркін пайдалануды қамтамасыз ету;

3.1.4. Білім алушыға Университеттің басшысы бекіткен жеке ережелерде қарастырылған тәртіпте және шарттарда оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беру;

3.1.5. Білім алушыға медициналық пункт меңгерушісі айқындайтын, көрсетілетін қызметтер тізбесіне сәйкес медициналық пункт қызметін ұсыну;

3.1.6. Университеттің оқу жоспарына сәйкес Білім алушының кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастыру;

3.1.7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен оның өтініші бойынша Білім алушыны оқудан шығару және Білім алушылар қатарына қайта қабылдау;

3.1.8. Білім алушыдан тиісті ақшалай қаражатты алғаннан кейін, басқа жоғары оқу орнынан ауыстырғаннан кейін немесе академиялық демалыстан кейін Білім алушының қайта қабылдануына байланысты Университетте оқу жылы ішінде қалпына келтіру;

3.1.9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Білім алушыны бір жолдамадан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына өтініш негізінде ауыстыру;

3.1.10. Білім алушыны оқудан шығарған кезде Төлем туралы ережеге (№1,2 Қосымша) және Шарттың талаптарына сәйкес төлемдердің өзара есебін жүргізу;

3.1.11. Білім алушыны Университеттің бастамасы бойынша оқудан шығарған жағдайда Білім алушыны (ал ол 18 жасқа толмаған жағдайда Заңды өкілін хабардар ету) және Тапсырыс берушіні (бар болса) оқудан шығару туралы хабардар ету;

3.1.12. Білім алушыны қоғамдық және өзге де тапсырмаларды оның келісімінсіз орындауға және оқу процесіне зиян келтіруге жол бермеу;

3.1.13. Білім алушыға Университеттің ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми,

«бакалавриат» бағдарламасы бойынша/ по программе «бакалавриат»/ for the “bachelor degree” program

Обучающегося с перерывами в соответствии с существующими нормативами, создать здоровые, безопасные условия обучения Обучающемуся;

3.1.3. обеспечить свободный доступ и пользование информационными ресурсами библиотек Университета, учебниками, учебно-методическими комплексами и учебно-методическими пособиями;

3.1.4. предоставить Обучающемуся возможность пользования компьютерной техникой для выполнения заданий в рамках учебных программ в порядке и на условиях, предусмотренных отдельными положениями, утвержденными руководителем Университета;

3.1.5. предоставить Обучающемуся услуги медицинского пункта в соответствии с перечнем предоставляемых услуг, определяемым заведующим медицинским пунктом;

3.1.6. организовать прохождение профессиональной практики Обучающегося в соответствии с учебным планом Университета;

3.1.7. отчислять и восстанавливать Обучающегося в число Обучающихся по его заявлению в порядке, установленном нормативными правовыми актами Министерства образования и науки Республики Казахстан;

3.1.8. после получения соответствующей оплаты денежных средств восстановить Обучающегося в течение учебного года в Университете после перевода из другого высшего учебного заведения или в связи с восстановлением Обучающегося после академического отпуска;

3.1.9. переводить Обучающегося на основании заявления с одного направления на другое, а также в другую организацию образования в порядке, установленном нормативными правовыми актами Министерства образования и науки Республики Казахстан;

3.1.10. при отчислении Обучающегося произвести взаиморасчет платежей в соответствии с Положением об оплате (Приложение №1,2) и условиями Договора;

3.1.11. в случае отчисления Обучающегося по инициативе Университета известить Обучающегося (а при не достижении им 18 лет известить Законного представителя) и Заказчика (при наличии) об отчислении;

3.1.12. не допускать привлечения Обучающегося к выполнению общественных и иных поручений без его согласия и в ущерб учебному процессу;

3.1.13. предоставлять возможность Обучающемуся на добровольной основе принимать участие в научных, культурных и спортивных мероприятиях Университета, а также в международной научной, культурной и спортивной жизни;

3.1.2. determine the volume of training load and schedule with breaks in accordance with existing standards and create healthy and safe conditions for the Student training;

3.1.3 provide free access to information resources of the University libraries including textbooks, teaching and methodological complexes, manuals and teaching aids;

3.1.4 provide the Student with an opportunity to use computer equipment to perform assignments in the framework of training programs, in accordance with the procedure and on the conditions stipulated by separate regulations approved by the Head of the University;

3.1.5 provide the Student with the Medical Center services in accordance with the list of services determined by the Head of the Medical Center;

3.1.6. organize the professional internship for the Student in accordance with the University curriculum;

3.1.7. expel the Student from the University and restore him/her to the number of students upon his/her application in accordance with the procedure established by the normative legal acts of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan;

3.1.8. restore the Student during the academic year at the University, after a transfer from another higher educational institution or after the Student's academic leave upon receiving the appropriate payment;

3.1.9. transfer the Student on the basis of an application from one training direction to another, as well as to another educational organization in the manner established by regulatory legal acts of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan;

3.1.10. make a mutual settlement of payments in accordance with the Regulation on fees (Annex No. 1.2) and the terms of the Agreement upon the Student's expulsion of;

3.1.11. in case of Student's expulsion at the initiative of the University, to notify the Student (and if he/she has not reached the age of 18, to notify the Legal Representative) and the Customer (if any) about the expulsion;

3.1.12 prevent the Student from engaging in public and other assignments without his/her consent and to the detriment of the educational process;

3.1.13. provide the Student with a possibility to participate on a voluntary basis in the research, cultural and sports activities

мәдени және спорттық өмірге ерікті түрде қатысуға мүмкіндік беру;

3.1.14. толық оқу курсың сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша Білім алушыға біліктілік беру және білімі туралы құжат беру;

3.1.15. Университет таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда оқуды жалғастыру үшін Білім алушыны басқа білім беру ұйымына ауыстыру бойынша шаралар қолданылсын.

3.2. Университет құқылы:

3.2.1. Білім алушыдан осы Шарт пен Университетінің Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды, оқу тәртібін қадағалауды, Университеттің оқытушыларына, қызметкерлері мен Білім алушыларына дұрыс әрі құрметпен қарауды, сондай-ақ Университетте оқитын шетелдік тұлғаларға қойылатын талаптарды сақтауды (Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 4 Қосымша, ары қарай – Шетелдік тұлғаларға қойылатын талаптар) талап етуге;

3.2.2. Білім алушыға оқу тәртібін, осы Шарт талаптарын, Ішкі тәртіп ережелерін, Шетелдік тұлғаларға қойылатын талаптарды бұзғаны үшін тәртіпке келтіру шараларын қолдануға;

3.2.3. Білім алушыдан Университетінің мүліктеріне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу ережелерін қадағалауды талап етуге, Білім алушының әрекеттерінен материалдық залал келген жағдайда, Білім алушыдан (ал 18 жасқа толмаған болса - оның Заңды өкілінен) келтірілген зақым құнын толық өтеуін және зақымдалған мүлік құнынан 10% көлемде ақшалай айыппұл талап етуге;

3.2.4. оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтердегі жетістіктері үшін Білім алушыны ынталандыруды және марапаттауды жүзеге асыруға;

3.2.5. қосымша төлемге қосымша пәндердің тереңдетілген бағдарламалары бойынша, тіл үйрету бойынша білім беруге;

3.2.6. оқуға төлем жасау тәртібіне қатысты айрықша жағдайларда жеке жеңілдіктер беруді қарастыруға;

3.2.7. осы Шарттың талаптарында қаралған жағдайларда оқу құнын, мерзімін, тәртібін және төлем тәртібін, сондай-ақ білім процесімен байланысты қосымша қызметтер төлемін қарастыруға;

«бакалавриат» бағдарламасы бойынша/ по программе «бакалавриат»/ for the “bachelor degree” program

3.1.14. после успешного окончания полного курса обучения и по результатам прохождения итоговой аттестации присвоить Обучающемуся квалификацию и выдать документ об образовании;

3.1.15. в случае ликвидации Университета или прекращения образовательной деятельности принять меры по переводу Обучающегося в другую организацию образования для продолжения обучения.

3.2. Университет имеет право:

3.2.1. требовать от Обучающегося добросовестного и надлежащего исполнения обязанностей в соответствии с настоящим Договором, Правилами внутреннего распорядка Университета, соблюдения учебной дисциплины, корректного и уважительного отношения к преподавателям, работникам и Обучающимся Университета, а также соблюдения Требований к иностранным лицам, обучающимся в Университете (Приложение № 4 к настоящему Договору, являющегося неотъемлемой частью настоящего Договора, далее - Требования к иностранным лицам).

3.2.2. применять к Обучающемуся меры дисциплинарного воздействия за нарушение им учебной дисциплины, условий настоящего Договора, Правил внутреннего распорядка, Требований к иностранным лицам;

3.2.3. требовать от Обучающегося бережного отношения к имуществу Университета, соблюдения правил работы с компьютерной и другой техникой. В случае причинения материального ущерба действиями Обучающегося затребовать от Обучающегося (а при недостижении им 18 лет – от его Законного представителя) полную компенсацию стоимости причиненного ущерба и денежный штраф в размере 10 % от стоимости поврежденного имущества;

3.2.4. осуществлять поощрение и вознаграждение Обучающегося за успехи в учебной, научной и творческой деятельности;

3.2.5. за дополнительную плату проводить обучение по углубленным программам дополнительных дисциплин, по языковой подготовке;

3.2.6. предусмотреть в исключительных случаях индивидуальные льготы за обучение, связанные с порядком оплаты;

3.2.7. в случаях, предусмотренных условиями настоящего Договора, пересматривать стоимость обучения, сроки, порядок и условия оплаты, а также оплаты дополнительных услуг, связанных с образовательным процессом;

of the University, as well as in international research, cultural and sports life;

3.1.14 assign the Student a qualification and issue a document on education after successful completion of the full course of study on the basis of final certification results;

3.1.15 take measures to transfer the Student to another educational institution to continue studies in case of liquidation of the University or termination of educational activities.

3.2 The University has the right:

3.2.1. to demand from the Student conscientious and proper performance of duties, the Rules of the University Internal Regulations, observance of academic discipline, correct and respectful attitude towards teachers, employees and the University students, as well as compliance with the Requirements for foreign persons studying at the University (Annex No. 4 to this Contract, which is an integral part of this Contract, hereinafter - Requirements for foreign persons) in accordance with this Contract.

3.2.2. to apply disciplinary measures to the Student for the violation of academic discipline, the terms of this Contract, the Internal Regulations and the Requirements for foreign persons;

3.2.3. to demand from the Student a careful attitude to the property of the University as well as observance of the rules of working with computer and other equipment. In case of material damage caused by the Student, to request from the Student (in case he/she has not reached the age of 18 - from his/her Legal Representative), full compensation for the cost of the caused damage and a fine of 10% of the cost of the damaged property;

3.2.4. to encourage and reward the Student for a success in educational, research and creative activities;

3.2.5. to conduct training on in-depth programs of additional disciplines and language training for an additional fee;

3.2.6. to ensure individual benefits for the training related to the payment procedures in exceptional cases;

3.2.8. Білім алушыдан, сондай-ақ Заңды өкілінен және Тапсырыс берушіден (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) оқуға қатысты барлық шығындарды және Білім алушыға қосымша қызметтер ұсынумен байланысты (қайта тапсыруға дайындық, емтихандарды қайта тапсыру, курстық жұмысты қорғау бойынша, қосымша пәндердің тереңдетілген бағдарламалары бойынша, тіл үйрену бойынша) өзге де шығындарды өтеуін талап етуге;

3.2.9. осы Шартта және Төлем туралы ережеде қарастырылған толық немесе жартылай төлем жасалмаған жағдайда, Университет Білім алушыдан, сондай-ақ Заңды өкілінен және Тапсырыс берушіден (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) қарызын өтетуге сот органдары арқылы өздiгiнше мәжбүрлi түрде немесе үшінші тұлғалардың қызметін тарту арқылы жетуге құқылы. Бұл жағдайда Университет Білім алушы, сондай-ақ Заңды өкілі және Тапсырыс берушінің (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) жеке деректерін үшінші тұлғаларға жинауға және өңдеуге беруге құқылы. Осы тармақта Білім алушы, сондай-ақ Заңды өкілі және Тапсырыс беруші (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) Білім алушының, сондай-ақ Заңды өкілінің және Тапсырыс берушінің (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) дербес деректерін үшінші тұлғаларға ашқан жағдайда Университетке наразылықтары болмайтынын растайды. Университет алдындағы ақшалай және басқа да міндеттемелерді өтеуді қамтамасыз ету мақсатында Университет Білім алушыға құжаттардың түпнұсқаларын оларды толық орындағанға дейін бермеуге құқылы. Құжаттар қол қойылған кету парағы негізінде беріледі;

3.2.10. Оқу ақысын толық көлемде немесе уақытында төлемеген жағдайда, Білім алушының сабаққа, аралық және қорытынды бақылауларға кіруіне рұқсат бермеу;

3.2.11. Білім алушыдан мыналарды талап ету:

- 1) осы Шартпен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген сабаққа қатысу көлемін;
- 2) Білім алушы қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда оқу пәнін (немесе оқу пәндерін) қайта тапсыру;
- 3) осы Шартта көзделген өзге де талаптарды, сондай-ақ жалпы белгіленген нормаларды орындауын талап ету.

3.2.12. осы Шарт бойынша Білім алушыдан, сондай-ақ Заңды

3.2.8. требовать от Обучающегося, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) оплаты всех расходов за обучение и иных расходов в связи с предоставлением дополнительных услуг Обучающемуся (по подготовке к пересдаче, повторной пересдаче экзаменов, защиты курсовой работы, по углубленным программам дополнительных дисциплин, по языковой подготовке);

3.2.9. в случае полного или частичного отсутствия оплаты, предусмотренной настоящим Договором и Положением об оплате, добиться погашения задолженностей с Обучающегося, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) в принудительном порядке через судебные органы самостоятельно либо с привлечением услуг третьих лиц. При этом Университет вправе раскрыть персональные данные Обучающегося, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) третьим лицам для их последующего сбора и обработки. Настоящим пунктом Обучающийся, а также Законный представитель и Заказчик (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) подтверждают, что в случае раскрытия третьим лицам персональных данных Обучающегося, а также Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) претензий к Университету иметь не будут. В целях обеспечения погашения денежных и иных обязательств перед Университетом, Университет вправе не выдавать Обучающемуся оригиналы документов до их полного исполнения. Документы выдаются на основании подписанного обходного листа;

3.2.10. не допускать Обучающегося к занятиям, рубежным и итоговым контролям в случае неполной или несвоевременной оплаты за обучение;

3.2.11. требовать от Обучающегося:

- 1) установленного настоящим Договором и внутренними нормативными документами Университета объема посещаемости занятий;
- 2) пересдачи учебной дисциплины (или учебных дисциплин) в случаях получения Обучающимся неудовлетворительной оценки;
- 3) выполнения иных требований, предусмотренных настоящим Договором, а также общих установленных норм.

3.2.12. требовать погашения всех задолженностей по настоящему Договору от Обучающегося, а также от Законного представителя и Заказчика (при присоединении

3.2.7. to revise the cost of training, the duration, procedures and terms of payment, as well as the payment for additional services related to the educational process in cases stipulated by the terms of this Contract;

3.2.8. to demand payment of all expenses for training and other expenses related to the provision of additional services to the Student (retake, defense of term paper, in-depth programs of additional disciplines, language training) from the Student, as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract);

3.2.9. to obtain payment of debts from the Student, as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract) forcibly through the courts independently or with the involvement of the third parties in case of full or partial absence of payment provided by this Contract and the Regulation on Payment. At the same time, the University has the right to disclose the Student's, the Legal Representative's or the Customer's personal data (in case of their accession according to the terms of the Contract) to the third parties for their subsequent collection and processing. By this condition the Student, the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract) confirm that in case of disclosure of the Student's, the Legal Representative's and the Customer's personal data (in case of their accession according to the terms of the Contract) to the third parties, there will be no claims to the University. In order to ensure the repayment of monetary and other obligations to the University, the University has the right not to issue the original documents to the Student until their full execution. The documents are issued on the basis of a signed bypass sheet;

3.2.10. not to allow the Student to attend classes, midterm and final controls in case of incomplete or untimely tuition payment;

3.2.11. to demand from the Student:

- 1) the amount of attended classes, established by this Contract and the University internal regulatory documents;

өкілден және Тапсырыс берушіден (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде), осы Шартта және Төлем туралы ережеде көзделген өсімпұл сомасын қоса алғанда барлық берешектерді өтеуді талап ету;

3.2.13. оқу ақысын толық төлемеген немесе уақытында төлемеген жағдайда өсімақы қосуға;

3.2.14. Білім алушыға академиялық демалыс беру мәселелерін өз қалауынша (Қазақстан Республикасының заңнамасы мен академиялық демалыс беру ережелері шеңберінде) шешуге;

3.2.15. Білім алушы өз еркімен оқудан шыққан жағдайда төленген сомадан Төлем туралы ережеде қарастырылған қаражат сомасын ұстап қалуға;

3.2.16. Тәжірибеден өткен орнындағы жұмыс берушілер тарапынан оң пікірлер алған жағдайда, Білім алушының жұмысқа тұруына ықпалдасуға;

3.2.17. Шарт біржақты тәртіппен мына себептерге байланысты бұзылады: оқу тәртібін бұзу, ішкі тәртіп ережелерін және Университеттің Жарғысын бұзу, Шетелдік тұлғаларға қойылатын талаптарды, Шарттың міндеттерін орындамау, басқа білім беру ұйымына ауысу, қаржылық берешегі бар, сондай-ақ осы Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылатын басқа жағдайлардың болуы сияқты себептер;

3.2.18. Университет Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге әрекеттер жасауға және өзге қызметтер көрсетуге құқылы;

3.3. Білім алушы міндеттеледі:

3.3.1. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының толық көлемінде білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды меңгеру, оқу және практикалық сабақтарға қатысу. Білім алушының осы міндеттемелерді орындамауы және/немесе сақтамауы оны, Занды өкілін және Тапсырыс берушіні (осы Шарттың талаптарына сәйкес осындайлар қосылған кезде) Шарт бойынша ақы төлеуден босату үшін негіз болып табылмайды;

3.3.2. сабаққа қатыспаған жағдайда бұл туралы Университетте болмаған күннен бастап бір апта ішінде Университетке жазбаша түрде хабарлауға; отбасылық жағдайы мен байланыс апараты (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық поштасы және т. б.) өзгерген кезде бұл

таковых в соответствии с условиями настоящего Договора), включая суммы пени, предусмотренной настоящим Договором и Положением об оплате;

3.2.13. начислить пеню при недоплате или несвоевременной оплате за обучение;

3.2.14. по своему усмотрению решать (в рамках законодательства Республики Казахстан и правил предоставления академического отпуска Обучающемуся; вопросы предоставления академического отпуска Обучающемуся;

3.2.15. в случае отчисления Обучающегося по его собственной инициативе удержать из оплаченной суммы денежную сумму, предусмотренную Положением об оплате;

3.2.16. оказать содействие в трудоустройстве Обучающегося в случае получения положительных отзывов со стороны работодателей в местах прохождения практики;

3.2.17. расторгнуть в одностороннем порядке Договор по следующим причинам: за нарушение учебной дисциплины, за нарушение Правил внутреннего распорядка, Устава Университета, Требований к иностранным лицам, за невыполнение договорных обязательств, в связи с переводом в другую организацию образования, за финансовую задолженность, а также в иных случаях, предусмотренных настоящим Договором и действующим законодательством Республики Казахстан.

3.2.18. совершать иные действия и оказывать иные услуги в соответствии с Уставом Университета и законодательством Республики Казахстан.

3.3. Обучающийся обязуется:

3.3.1. овладеть знаниями, умениями и практическими навыками в полном объеме государственных общеобязательных стандартов образования, посещать учебные и практические занятия. Неисполнение и/или несоблюдение данных обязательств Обучающимся не является основанием для освобождения его, Законного представителя и Заказчика (при присоединении таковых в соответствии с условиями настоящего Договора) от оплаты по Договору;

3.3.2. в случае пропуска занятий проинформировать об этом Университет в письменной форме в течение недели со дня отсутствия в Университете; при изменении семейного положения и контактной информации (места жительства, номера телефона, электронной почты и тому подобное) сообщить об этом в Университет в трехдневный срок и, в случае обучения на основе государственного образовательного заказа, сообщить поверенному агенту уполномоченного органа в области образования в течение 10

2) the retake of an academic discipline (or academic disciplines) in cases when the Student receives an unsatisfactory mark;

3) the fulfillment of other requirements provided for by this Contract, as well as the general established requirements.

3.2.12. to demand the liquidation of all debts under this Contract from the Student as well as the Legal Representative and the Customer (in case of their accession according to the terms of the Contract), including the amount of penalty provided by this Contract and the Regulation on Payment;

3.2.13 to charge a penalty fee in case of underpayment or untimely tuition payment;

3.2.14 to solve the issues of granting an academic leave to the Student at its own discretion (within the framework of the legislation of the Republic of Kazakhstan and the rules for granting an academic leave);

3.2.15. to withhold the money stipulated by the Regulation on Payment from the paid amount in case of the Student's expulsion on his/her own initiative;

3.2.16. to assist the Student in the employment in case of receiving positive feedback from employers (in places of internship);

3.2.17. to unilaterally terminate the Contract due to the following reasons: for violation of academic discipline, the Internal Rules, the Charter of the University and Requirements for foreign persons; for failure to fulfill contractual obligations, in connection with transfer to another educational institution, for financial debt, as well as in other cases provided for by this Contract and the current legislation of the Republic of Kazakhstan.

3.2.18. to perform other actions and provide other services in accordance with the University Charter and the legislation of the Republic of Kazakhstan.

3.3. The Student undertakes:

3.3.1. to acquire knowledge and practical skills to a full extend of the National Mandatory Standards of Higher and Post-Graduate Education of the Republic of Kazakhstan, and to attend classes. Non-fulfillment and / or non-observance of these obligations by the Student is not a ground for his/her, the Legal Representative's and the Customer's (in case of their

туралы үш күн мерзімде Университетке хабарлауға және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған жағдайда, білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне жоғарыда көрсетілген жағдайлар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлау;

3.3.3. Білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде растайтын құжаттарын көрсету арқылы Университетін хабардар ету;

3.3.4. Осы Шарт талаптарын, Университет басшысының бұйрықтары мен өкімдерін, Университет Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін, Шетелдік тұлғаларға қойылатын талаптарын, оқу тәртібінің, санитарлық, техникалық және өрт қауіпсіздігі нормаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартты бекітумен байланысты туындаған құқықтық қатынастарға тікелей және жанама қатысы бар және Университет қызметі мен осы Шарт субъектілеріне қатысы бар ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау, қадағалау және орындау;

3.3.5. Ұсынылатын білім беру қызметіне ақы төлеу Төлем туралы ережеге сәйкес жүргізілуі тиіс;

3.3.6. Университетінің мүліктеріне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, жатақханада тұру (болған жағдайда) және оқу үшін қалыпты жағдай жасауға қатысу;

3.3.7. әскери есепке тұру ережелерін қадағалау;

3.3.8. Университеттің оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрмет көрсету және сыпайы қатынас жасау;

3.3.9. Университеттің абыройы мен іскери беделін құрмет тұтуға, оның беделін түсіретін ақпаратты таратпауға;

3.3.10. Білім алушы сондай мәліметтер алғандығына немесе анықтағанына қарамастан, өзіне мәлім болған құпия сипаттағы мәліметтерді (бұдан әрі «құпия ақпарат») құпия ұстауға; егер мәліметтер кез келген жолмен алынған болса (құпия ақпаратты алу уақытына тәуелсіз) және Университетке де, оның қызметкерлеріне де тікелей немесе жанама қатысы болса, олардың үшінші тұлғаларға таратылмауын, сондай-ақ қандай да бір мақсаттарда пайдаланылмауын қамтамасыз етуге;

3.3.11. академиялық қарызды Университет бекіткен мерзімде тапсыруға;

3.3.12. егер Білім берушіге оқытушылық құрам тарапынан жемқорлық туралы мәлім болған жағдайда, анық және

(десяти) рабочих дней с момента наступления вышеуказанных обстоятельств;

3.3.3. при нахождении Обучающегося на амбулаторном или стационарном лечении уведомить Университет с последующим предъявлением подтверждающих документов;

3.3.4. соблюдать условия настоящего Договора, приказы и распоряжения руководителя Университета, Устав Университета, Правила внутреннего распорядка, Требования к иностранным лицам, требования учебной дисциплины, норм санитарной, технической и пожарной безопасности и других норм, установленных законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами, имеющими прямое или косвенное отношение к правоотношениям, возникшим в связи с заключением настоящего Договора и имеющим отношение к деятельности Университета и субъектам настоящего Договора;

